КОПИЯ/КӨШІРМЕ

Ш Е Ш І М
ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ АТЫНАН

2023 жылғы 7 маусым №4712-23-00-2/808 іс Ақтау қаласы

Маңғыстау облысының мамандандырылған ауданаралық экономикалық соты, құрамында:
төрағалық етуші судья А.А.Борашева,
сот отырысының хатшысы Г.Матжанованың қатысуымен,
ашық сот отырысында қойылған талап бойынша азаматтық істі қарады:

ТАЛАП ҚОЮШЫ:
Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігі Мемлекеттік мүлік және жекешелендіру комитетінің «Маңғыстау мемлекеттік мүлік және жекешелендіру департаменті» мемлекеттік мекемесі

ЖАУАПКЕР:
«Казимпортторг ЛТД» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі

ДАУДЫҢ НЫСАНАСЫНА ДЕРБЕС ТАЛАПТАРЫН МӘЛІМДЕМЕЙТІН ЖАУАПКЕР ЖАҚТАН ҮШІНШІ ТҰЛҒАЛАР:
"Маңғыстау облысының прокуратурасы" мемлекеттік мекемесі

ТАЛАП ҚОЮШЫНЫҢ ТАЛАПТАРЫ:
1. Мемлекеттік сатып алудың жосықсыз қатысушы деп тану
2. Келісім шартты бұзу

СОТҚА ҚАТЫСҚАНДАР:
Прокурор Н.Камалов
талап қоюшы өкілі У.М.Байтобетова
жауапкер өкілі Р.С.Шарипов
үшінші тұлғаның өкілі Ә.О.Алуадинов

СИПАТТАУ БӨЛІГІ:

23 ақпан 2023 тараптар арасында мүліктерді сақтау қызметі бойынша мемлекеттік сатып алу туралы №16 шарт (бұдан әрі-шарт) жасалған.

Шарт аумақтық қазынашылық органында 24.02.2023 жылы тіркелген.

КОПИЯ/КӨШІРМЕ

Талап қоюшының қызметінде 2020-2022 жылдар мерзім аралығында сот үкімі бойынша мүлікті тәркілеу түріндегі жазаны орындау кезіндегі заңдылықтың сақталуына тексеру жүргізіліп, Маңғыстау облысының прокуратурасымен анықталған бұзушылықтар бойынша 13 наурыз 2023 жылы №2-11-23-01774 ұсыну енгізілген.

Талап қоюшымн ұсыну негізінде жауапкерге 2023 жылы 13 наурыздағы №03-11/256 хатын жолдап анықталған бұзушылықтарды 2023 жылдың 20 наурызға дейінгі мерзімде жойып жазбаша жауап беруді сұраған.

Жауапкер анықталған бұзушылықтарды толықтай жойғаны туралы 2023 жылы 20 наурызда №7 хат жолдаған.

Алайда Маңғыстау облысының прокуратурасының 13 наурыз 2023 жылғы №2-11-23-01774 ұсынысында жауапкермен жасақталған шартты бұзуға және жауапкерді мемлекеттік сатып алудың жосықсыз қатысушысы деп тану туралы сотқа жүгінуді ұсынған.

Талап қоюшы жауапкерді мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушы деп тануға және келісім шарт бұзуды сұраған талаппен сотқа жүгінген.

Сот отырысында талап қоюшы өкілі талабын толығымен қолдап, талапты толығымен қанағаттандыруды сұрады.

Жауапкер өкілі талап қоюмен келіспей, прокурордың ұсынуында көрсетілген заң бұзушылықтар жойылғанын, шарт бойынша талаптар толықтай түзетілгенін, Ә.І.Ұзақ жүк көлігін ескертпестен сатып жібергенін, қазіргі таңда жауапкермен Ж.О.Тенизбаевпен келісім шартқа отырғанын талап қоюшы тарапынан ешқандай талаптың жоқ екенін шарт бойынша барлық міндеттемелер уақытылы орындалып жатқанын көрсетіп талап қоюшының талабын қанағаттандырусыз қалдыруды сұрады.

Прокурор қорытындысында талап қоюды қанағаттандыруға жатады деп көрсетті.

Үшінші тұлғаның өкілі талап қоюды қанағаттандыруды сұрады.

УӘЖДЕУ БӨЛІГІ:

№1 талап бойынша

Қазақстан Республикасының Азаматтық кодексінің (бұдан әрі - АК) 386-бабының талабына сай шарт оны жасасқан кезден бастап күшіне енеді және тараптар үшін міндетті болып табылады.

Ал осы Кодекстің 272-бабының талабына сәйкес: міндеттеме-міндеттеме шарттары мен заң талаптарына сәйкес тиісінше орындалуға тиіс, ал мұндай шарттар мен талаптар болмаған жағдайда-іскерлік қызмет өрісіндегі әдеттегі құқықтарға немесе әдетте қойылатын өзге де талаптарға сәйкес орындалуға тиіс.

Құжатқа қол қойылған: Борашева А. А., 13.06.2023

Заңды күшіне енген күні: 14.07.2023, судья Борашева А. А., 14.07.2023

КОПИЯ/КӨШІРМЕ

АК-нің 683-бабының талабына сәйкес өтелмелі қызмет көрсету шарты бойынша орындаушы тапсырысшының тапсырмасы бойынша қызмет көрсетуге (белгілі бір іс-әрекет жасауға немесе белгілі бір қызметті жүзеге асыруға) міндеттенеді, ал тапсырысшы бұл қызмет көрсетуге ақы төлеуге міндеттенеді.

Қазақстан Республикасы «Мемлекеттік сатып алу туралы» Заңының 12-бабының 4-тармағына сәйкес тапсырыс беруші өзіне өнім берушінің Қазақстан Республикасының мемлекеттік сатып алу туралы заңнамасын бұзу фактісі туралы белгілі болған күннен бастап күнтізбелік отыз күннен кешіктірмей, осындай әлеуетті өнім берушіні немесе өнім берушіні мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушы деп тану туралы талап қоюмен сотқа жүгінуге міндетті.

Сотта анықталғаны, жауапкер шарттың техникалық ерекшелігіне сәйкес тапсырыс берушіге республикалық меншікке айналдырылған түскен мүлікті сақтау жеткізу, тиу-түсіру қызметтерін қоса жөніндегі қызметті жүзеге асыру бойынша қызметін көрсетуі тиіс.

Тапсырыс берушімен қызметтерді көрсету мерзімі- келісім шарт қазынашылық органдарына тіркелген күннен яғни 2023 жылы 24 ақпан бастап деп көрсетілген.

13 наурыз 2023 жылғы Маңғыстау облысының прокуратурасының №2-11-23-01774 ұсынысында талап қоюшымен жауапкер арасында жасақталған шартты жасақтау кезінде Қазақстан Республикасы Мемлекеттік сатып алу туралы Заңының 12 бабының 4 тармағының талаптары өрескел бұзылғаны анықталған.

Келісім шарттың ажырамас бөлігі болып табылатын 2 қосымшада көрсетілген техникалық ерекшелік талаптарына сай қызмет көрсетілуі қажет.

Сот отырысында анықталғандай, мүлікті сақтайтын қойма аумағы және қойма техникалық ерекшелік талаптарына сай келмейді.

Атап айтқанда, қоймадағы бейне бақылау камералары ішінара жұмыс жасамайды, бейне камералар анық емес бұлыңғыр бейнені көрсетеді, қойманың жалпы алаңы 1000 шаршы метрді құраймайды, желдету және тоңазытқыш жоқ, кейбір айқақ заттар далада көлік ішінде тұр, ірі көлемді мүліктер үшін бейне бақылау жоқ қарастырылмаған айғақ заттар тиісті деңгейде сақталмаған және жоғалып кету қауіпі бар.

Соған қарамастан орындалған жұмыстардың аралық актісіне қол қойылғаны анықталған.

Шарттың 1.2. тармақтарына сәйкес, өнім берушінің қызметтерді көрсетуі шарттың ажырамас бөлігі болып табылатын шартқа 1,2,3-қосымшада көрсетілген талаптарға сай жүзеге асырылады.

Өнім беруші тапсырыс берушіге осы шартқа қосымшаларда көрсетілген талаптарға дәл сәйкестік қызметті толық тапсырғанда қызмет көрсетілді деп есептеледі.

Құжатқа қол қойылған: Борашева А. А., 13.06.2023

Заңды күшіне енген күні: 14.07.2023, судья Борашева А. А., 14.07.2023

КОПИЯ/КӨШІРМЕ

Демек, жауапкер шарттық міндеттемені тиісінше түрде орындамаған.

Бұл жағдайда, талап қоюшының жауапкерді мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушысы деп тану туралы талабын толығымен қанағаттандыруға жатады деп санайды.

№2 талап бойынша

АК-нің 401 бабының 2 тармағына сай, тараптардың біреуінің талабы бойынша шарт: 1) екінші тарап шартты едәуір бұзған кезде; 2) осы Кодексте, басқа да заң құжаттарында немесе шартта көзделген өзге реттерде тек сот шешімімен өзгертілуі немесе бұзылуы мүмкін. Тараптардың біреуі шартты бұзып, ол екінші тарап шарт жасасу кезінде үміт артуға құқылы болғанынан едәуір дәрежеде айрылып қалатындай шығынға әкеп соқса бұл шарттың едәуір дәрежеде бұзылуы деп танылады.

Осы баптың 3 тармағының талабына сай, шартты орындаудан біржақты бас тартылған жағдайда (шарттан тиісінше ішінара немесе толығымен бас тарту (осы Кодекстің 404-бабы) шарт өзгертілді немесе бұзылды деп есептеледі.

Сот отырысында анықталғандай, жауапкер тиісінше түрде шарттың талаптарды орындамады, демек шартты едәуір бұзған.

Талап қоюшы тарапынан жауапкерге 13 наурыз 2023 жылы №03-11/256 шығыс санды хатымен сотқа дейінгі шартты бұзу туралы хабарламасы жолданған.

Аталған хабарламаны жауапкер тарапынан алғандығы сотқа дейінгі шартты бұзу туралы хабарламадан көрінеді.

Жауапкер талап қоюшымен жіберілген хабарламасымен келіспейді, келісім шарт бойынша орын алған бұзушылықтар жойылған шартты бұзуға негіз жоқ деген уәжін сот негізсіз санайды.

Мұндай жағдайларда, сот талап қоюшының 13 ақпандағы №16 санды келісім-шартты бұзу туралы талабы толығымен қанағаттандырылуға жатады деп санайды.

ҚР АПК-нің 117-бабының 1-бөлігінің талаптарына сәйкес, талап қоюшы төлеуден босатылған мемлекеттік баж, сондай-ақ іс бойынша іс жүргізуге байланысты шығындар сот мемлекет кірісіне шығыстарын төлеуден босатылмаған жауапкерлерден толық немесе талап қоюдың қанағаттандырылған бөлігіне пропорционалды өндіріліп алынады.

Сондықтан жауапкерден 3450 теңге мемлекеттік баж алымы мемлекет пайдасына өндірілуге жатады.

ҚАРАР БӨЛІГІ:

АПК-нің 223-226-баптарын басшылыққа ала отырып, сот

Құжатқа қол қойылған: Борашева А. А., 13.06.2023

Заңды күшіне енген күні: 14.07.2023, судья Борашева А. А., 14.07.2023

КОПИЯ/КӨШІРМЕ

Ш Е Ш І М Е Т Т І:

Талап қоюшы Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігі Мемлекеттік мүлік және жекешелендіру комитетінің «Маңғыстау мемлекеттік мүлік және жекешелендіру департаменті» мемлекеттік мекемесінің жауапкер «Казимпортторг ЛТД» жауапкершілігі шектеулі серіктестігін мемлекеттік сатып алудың жосықсыз қатысушысы деп тану және келісім шартты бұзу туралы талабы – толықтай қанағаттандырылсын.

«Казимпортторг ЛТД» жауапкершілігі шектеулі серіктестігін мемлекеттік сатып алудың жосықсыз қатысушысы деп танылсын.

Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігі Мемлекеттік мүлік және жекешелендіру комитетінің «Маңғыстау мемлекеттік мүлік және жекешелендіру департаменті» мемлекеттік мекемесі мен «Казимпортторг ЛТД» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі арасында 23 ақпан 2023 жылғы №16 Мүліктерді сақтау қызметі бойынша мемлекеттік сатып алу туралы шарты бұзылсын.

«Казимпортторг ЛТД» жауапкершілігі шектеулі серіктестігінен мемлекет пайдасына 3 450 (үш мың торт жүз елу) теңге мемлекеттік баж алымы өндірілсін.

Шешімге тараптар Қазақстан Республикасы Азаматтық процестік кодексінің 403, 404 баптарының талаптарына сақтай отырып, шешім түпкілікті нысанда шығарылған күннен бастап, ал сот талқылауына қатыспаған тұлғалар өздеріне шешімнің көшірмесі жіберілген күннен бастап бір ай ішінде Маңғыстау облысының мамандандырылған ауданаралық экономикалық соты арқылы Маңғыстау облыстық сотының апелляциялық сот алқасына шағым және прокурор өтінішхат келтіруге құқылы.

Судья А.Борашева

Құжатқа қол қойылған: Борашева А. А., 13.06.2023

Заңды күшіне енген күні: 14.07.2023, судья Борашева А. А., 14.07.2023

4712-23-3-1/813